

УДК: 811.111'1

ҒТАХР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.73.2.009>

## ИНТЕРНЕТТЕГІ ГАЗЕТ ДИСКУРСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ KEЙБІР СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТАР

\*Мамырбаева М.З.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Филология факультеті, 3 курс докторанты, Алматы, Қазақстан  
e-mail: [mamyrbayeva-madi@mail.ru](mailto:mamyrbayeva-madi@mail.ru)

**Андатпа.** Мақалада интернеттегі газет дискурсының ерекшеліктері қарастырылып, оның қағаз тасымалдағыш газет түрінен айырмашылығы анықталған және интернет-газет дискурсындағы кейбір семантикалық қарама-қарсылықтар қарастырылған. Интернет-газет дискурсынан алынған мысалдар қарастырылған. Семантикалық қарама-қарсылықтарды интернет-газет дискурсынан қарастырып зерттеу үшін алдымен интернет желісіндегі газеттің қағаз газеттен қалай ерекшеленетіні туралы шағын зерттеу жасалып қарастырылған. Осыған байланысты жұмысымыздың мақсаты – интернет-газет дискурсының ерекшеліктерін анықтау. Мақалада зерттеудің мақсат-міндеттеріне сай келесі нәтижелер анықталды:

- Интернет-газет дискурсы мен қағаз газет дискурсы арасында бірқатар ұқсастық бар: белгілі бір аудиторияға бағытталу, адресат пен адресант арасында белгілі бір қашықтықтың болуы, ережелерге бағыну, бағалау функциясының болуы, ақпарат қауіпсіздігінің болуы т.б.

- Қарастырылып отырған екі дискурс арасында бірқатар айырмашылық та бар: цензураның интернет-газет дискурсында кең тарамағандығы, адресат пен адресант арасындағы қашықтықтың әртүрлі болуы, әсер ету ауқымы мен жылдамдығы арасындағы айырмашылық, экспрессивті функцияның екі дискурста әрқилы көрініс табуы т.б.

- Интернет-газет дискурсында көптеп кездесетін семантикалық қарама-қарсылықтар – оқырманға имплицитті түрде әсер ету құралы.

Қағаз тасымалдағыш газет және интернет газет дискурсы ара-жігін ашу үшін салыстырмалы талдау әдісі, мағыналық қарама-қарсылықтарды қарастыру барысында семантикалық талдау, прагматикалық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеуіміздің ғылыми жаңалығы бұл тақырыптың осы қарастырылып отырған 2012-2022 жж. уақыт аралығы, сонымен қатар семантикалық қарама-қарсылықтар БАҚ тілінде жан-жақты зерттелмеген. Талдау *нәтижесінде* интернет газет дискурсындағы семантикалық қарама-қарсылықтар сөйлеу тактикасына, белгілі бір жағдаяттан, мәдениеттен туындайтын ситуациялар аумағында жинақталып берілетіні анықталды. Зерттеудің теориялық маңызы – интернет-газет дискурсын жаңа бағыттар аясында зерделеу болса, практикалық маңызы – алынған нәтижелер тіл білімі, стилистика, лексикология сынды университеттік пәндерді оқыту барысында қолданыла алады.

**Тірек сөздер:** интернет-газет дискурсы, семантикалық қарама-қарсылық, қағаз тасымалдағыш газет, электронды тасымалдағыш газет, қарама-қарсылық категориясы, дискурс, электронды дискурс, мерзімді баспасөз

### Негізгі ережелер

Соңғы кезде тіл білімі бұқаралық ақпарат құралдарындағы тілдік тәсілдерді зерттеуге баса назар аударуда. Мәселен, мерзімді баспасөз тілі алуан түрлі лингвистикалық қатысымдар негізінде жан-жақты зерттеліп келеді. Оған дәлел ретінде берілген мәселені қарастырып жүрген қазақ ғалымдарын атап

өтсек Б.Әбілқасымов, С.М. Исаев, З.К. Ахметжанова, Э.Д. Сулейменова, З.Ш. Ерназарова, З.А. Умирзакова, Б.Қ. Момынова, Қ.Есенова, Ф.З. Жақсыбаева т.б.

Біздің бұл мақаладағы негізгі мақсатымыз интернет газет дискурсындағы мағыналық қарама-қарсылық категориясын қарастыру. Интернет желісіндегі газеттің, яғни электронды тасымалдағыштағы газеттің, қағаз тасымалдағыш газет дискурсынан айырмашылығы бар екенін анықтау. Алдымен интернет-газеттің қағаз газеттен қалай ерекшеленетіні туралы шағын зерттеу жасап алған соң интернет газет дискурсындағы семантикалық қарама-қарсылықтарды анықтау негізгі мақсатымыз болып табылады.

Интернет-газет дискурсы мен қағаз газет дискурсы арасында мынадай факторлар бойынша біршама айырмашылық бар екендігі анықталды:

- Экспрессия деңгейі
- Стандарттылық
- Адресат пен адресант арасындағы қашықтық
- Әсер ету жылдамдығы
- Әсер ету аумағы
- Эксплицитті немесе имплицитті бағалау
- Ақпараттың қолжетімділігі
- Цензура.

Зерттеу жұмысымызда интернет-газет дискурсындағы семантикалық қарама-қарсылықтардың қандай мағыналық түрлері бар екені айқындалды. Атап айтқанда, мынадай қарама-қарсылықтар табылып, мысалдар келтіріліп, талданды:

«өзім – өзге», «ұлттық – басқа ұлттық», «нағыз қазақтар – орыстілді қазақтар», «қалалықтар – ауыл тұрғындары», «кәсіпкерлер – үкімет, салық органдары», «әділдік– әділетсіздік», «билік– халық».

### **Кіріспе**

БАҚ тілі қоғаммен бірге өзгеріп отыратын жанды ағза секілді. Қоғамдағы әркім саяси-әлеуметтік мәселелер БАҚ тілінде көрініс табады.

Оның ішінде газет дискурсы – күрделілік, коммуникативтік жағдай, мақсатты топтар сынды факторларға байланысты әркелкі болып келетін дискурс. Газет дискурсында ұлттық идея, бірегейлік, болашақ, мемлекет бейнесі секілді мәселелер қамтылады.

Газет дискурсын қарастырып отырған зерттеулер баршылық [1]. Мысалға, Т. Грушевская саяси газет дискурсындағы стилистикалық бірліктер жайында зерттеу жүргізген [2]. О. Ревзина және Г. Бобровскаяның зерттеулері негізінен когнитивті бағытта жүзеге асады [3, 4].

2017 жылы жазылған «Analyzing newspapers: an approach from critical discourse analysis» атты еңбегінде Джон Ричардсон есімді ғалым сыни дискурстық талдау әдісі арқылы газет мәтіндерін қарастыру жайлы сөз қозғайды. Critical discourse analysis, яғни сыни дискурстық талдау әдісі негізінен саяси мәтіндердегі идеологиялық бірліктерді анықтау мақсатында қолданылатындығы жайлы айтылады. Газет мәтіндерін осы әдіс арқылы

саралау саяси-публицистикалық мәтіндерді зерттеудің жаңа бағыттарын ашады [5].

Осы бағытта зерттеу жүргізген тағы бір ғалым, Д. Хардман, британдық газет дискурсындағы саяси идеологиялар мен бірегейлік жайлы айтады [6].

Газет дискурсының мәтіндерінде информативті және әсер етуші функциялардан басқа коммуникативті, экспрессивті, эстетикалық функциялар жүзеге асырылады. Бұл мәтіндердің негізгі қызметі, олардың коммуникативтік функциясы болып табылады.

Қазіргі кезде газет бұрынғыдай тек қағаз нұсқада ғана емес оның интернет нұсқалары да бар. Біздің зерттеуімізде біз «Қазақ» халықаралық интернет газетін (abai.kz), «Ана тілі», «Түркістан» интернет нұсқадағы газеттерін негізгі объекті ретінде алдық. Ендігі жерде осындай сұрақ туындайды: осы жоғарыда аталған интернет газеті мен қағаз тасымалдағыш газет нұсқасы бір-бірінен айырмашылығы бар ма? Мысалы, қағаз тасымалдағыш газет нұсқасында сөйлем мүшелерінің сөз тәртібі мен пунктуациялық белгілері ережеге сай реттеледі. Біздің ойымызша, интернет-газеттің жалпы газет дискурсына тән белгілері көп болғанымен қағаз тасымалдағыш газеттен ерекшелігі бар, сол себепті біз оны бөлек алып қарастырып отырмыз.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Мақалада интернет-газеттер мен қағаз басылымдар арасындағы семантикалық айырмашылықтарды анықтау мақсатында салыстыру, салғастыру, ал мағыналық қарама-қарсылықтарды қарастыру барысында семантикалық талдау, прагматикалық талдау секілді әдістер қолданылады. Материалдарға келер болсақ, мақалада бірқатар белгілі интернет-басылымдар мен қағаз тасығыштағы газеттерден алынған мақалалардан үзінділер, пікірлер т.б. зерделенеді.

Өткен жылдардағы алғашқы қазақ газеттерін зерттеген Б.А.Әбілқасымовтың бірқатар еңбектерінде лингвистикалық талдаудың объектісі болса, С.М.Исаевтың еңбектері қазақ мерзімді басылымдары тілінің кеңестік кезеңде қалыптасуы мен дамуына арналған.

Қазіргі газеттер тілі сөйлеу мәдениеті, тіл нормасы, терминдердің коданылуы, аудармасы жағынан ғана қазақ ғалымдарының назарын аударады. (Сыздықова Р.Г., Алдашева А.М., Уалиев Н. және т.б. еңбектері). О.Бүркітовтың кандидаттық диссертациясы газет тілінің лексикасындағы өзгерістерге арналған, дегенмен терең мағыналық өзгерістер, қазақ газеттері мәтінінің прагма-семантикалық аспектілерін, газет дискурсын қарастыруға байланысты зерттеулер де аз емес.

Осы мәселеге байланысты қазақ тіл білімінде З.К.Ахметжанованың құрған мектебі алғашқылардың бірі болып ізденістерді бастаған. Атап айтқанда, осы мектеп аясында газет мәтінінде кездесетін семантикалық қарама-қарсылықтар М.Н. Эпштейн прагмемаларына сүйене отырып зерттелді (Б.Ж. Райымбекова). Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (Ф.З. Жақсыбаева), сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі (З.Ш. Ерназарова), жарнама мәтіндерінің ерекшеліктері (И. Филиппова) зерделенді.

Газет мәтіндерінің синтаксисі (А. Таткенова), пунктуациялық ерекшеліктері (З.Ж. Аманбаева), стилистикалық аспектісі (Г.С. Кусаинова), концептуалды бірліктері (А.С. Сейдикенова) терең зерттелді. Салғастыру әдісін қолдана отырып жасалынған зерттеулердің ішінде Е.В. Федосованың оқырманға әсер ету құралдарының формасын қарастырған жұмысын атап өтуге болады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Біздің жұмысымызда интернет дискурс мәселесін қарастыратын болғандықтан, оған тоқталмай өту мүмкін емес. Интернет желісіндегі басылымдарға келер болсақ, интернет-газеттердің құрылымы, лексикасы, қағаз газеттерден айырмашылығы туралы жазылған жұмыстар баршылық. Мысалы, Е.А. Журавлева Қазақстан Республикасында интернет желісінде шығатын бірқатар газетті қарастырып, медиа-сөйлеу деп аталған феноменді зерделейді. Зерттеу материалы ретінде Е. Журавлева Tengrinews, Newtimes, Azattyk ruhy секілді интернет желісіндегі басылымдарды қарастырған. Бұл жұмыста осы басылымдардың ішкі құрылымы туралы ақпарат беріледі. Интернет желісіндегі басылымдарға тән бір қасиет – гипертекстуалдылық қасиеті зерттеледі. Интернет желісіндегі әрбір мәтіннің басқа мәтіндермен қалай қарым-қатынас жасайтындығы туралы айтылады, гипер-сілтемелердің маңызы көрсетіледі [12]. Осыған байланысты интернет желісіндегі мәтін мәңгі әрі мызғымас бір құбылыс ретінде қабылдануы мүмкін.

Алайда Шэрон Рингель есімді зерттеуші интернет желісіндегі басылымдар туралы басқа бір пікір ұсынады. Ш. Рингельдің ойынша, интернет-газеттердегі ақпарат ұзақ уақыт бойы сақталмай, белгілі бір мерзім өткеннен кейін жоғалып кетуі мүмкін. Зерттеуші интернет-газеттерді «ғайып болатын жаңалықтар» деп атайды. Қағаз газеттердің азаюына байланысты архив жазбаларының да біртіндеп жоғала бастағанын атап өтеді. Зерттеушінің пікірінше, барлық интернет-газеттердің бір жерде сақталмауы – шешілуі тиіс бір мәселе [13].

Интернет газетті қағаз тасымалдағыш газет түрімен салыстырмалы түрде қарастырсақ, екеуіне ортақ ұқсастықтары: коммуникативтік мақсаты, функциясы бір болуында. Ендігі жерде осы екеуінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеміз (1-кесте):

Кесте 1. Қағаз тасымалдағыш газет және интернет газет дискурсының ұқсастықтары мен айырмашылықтары

<b>Қағаз тасымалдағыш газет және интернет газет дискурсы ұқсастықтары</b>	<b>Қағаз тасымалдағыш газет және Интернет газет дискурсы айырмашылықтары</b>
1. Ондағы мәтін мен дискурс коммуникативты бірліктер болып, белгілі бір мәліметті жеткізуші. Интернет дискурста да қағаз тасымалдағыш газет дискурсында да негізгі соларды дүниеге келтіретін уәж, ол ақпараттың белгілі бір аудиторияға арналғаны, біреудің	1. Интернет дискурста адресант және адресат ұғымдары ауқымдырақ болады. Адресант пен адресат әртүрлі этностан болып, әлеуметтік жағдайы және дәрежесі де әртүрлі болуы мүмкін. 2. Бірақ интернет-газет дискурсы мен қағаз газет дискурсындағы экспрессивті функция арасында алшақтықтар бар: біріншісінде

<p>белгілі бір ойларын, ақпаратын жеткізу үшін дискурсты өмірге енгізуді мақсат етеді.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>2. Интернет дискурс пен қағаз тасымалдағыш газет дискурсы да адресатқа бағытталғандықтан оқырманға әсер етеді, яғни белгілі бір экспрессивті реакцияны тудыруы мүмкін.</li> <li>3. Екі нұсқада да А-А арасындағы қашықтық ұғымы бар.</li> <li>4. Газет әдеби тілі, саяси тіл (әртүрлі функционалды стильдер), тілдің нормасы мен ережелерін сақтауды қажет етеді.</li> <li>5. Екеуіне де ортақ ережелердің болуы</li> <li>6. Екі нұсқада да бағалау (валонтативтік функция) күшті болады.</li> <li>7. Кез-келген дискурстың құрылымдық бөлімі бір-бірімен байланыста болады.</li> <li>8. Екі нұсқадағы дискурста да оқырманның ой айтуға, әсер етуге мүмкіншілігі бар.</li> <li>9. Газет дискурсы кең таралымға арналған.</li> <li>10. Екеуінде де ақпарат жазба және визуалды түрде болады.</li> <li>11. Екі нұсқаны да оқып қараудың тиімді жолдары бар.</li> <li>12. Ақпарат қауіпсіздігі бар.</li> <li>13. Газетті кез келген уақытта, кез келген орында оқуға болады және бұл сізге ыңғайсыздық тудырмайды. Оған желі ұстайтын жер іздеп, қуаттаудың қажеті жоқ;</li> </ol>	<p>екіншіге қарағанда экспрессия мықтырақ болады, яғни газетке қарағанда клишелердің аз болуы, неологизмдердің көп кездесуі</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3. Екі дискурста А-А аралығында әртүрлі қашықтық болады. Интернет дискурс стандартталмаған. Қағаз тасымалдағыш газет дискурсында А-А арасындағы қашықтық стандартталған.</li> <li>4. Интернет дискурста еркіндік көбірек байқалады, сол себепті де көптеген орфографиялық, стильдік мағыналық және т.б. қарама-қайшылықтар туындап жатады.</li> <li>5. Жазба газет дискурсында әлі күнге дейін цензура бары байқалады, ережелер сақталады.</li> <li>6. Интернет дискурста тілдік нормалар сақталмайды, қатемен жазыла береді, цензура жоқ десе де болады.</li> <li>7. Интернет дискурста ашық (эксплицитті) бағалау көрініс табады, сізді балағаттап та тастауы мүмкін. Қағаз тасымалдағыш газет дискурсында бағалау имплицитті түрде (жасырын) болады.</li> <li>8. Дискурстардың құрылымдық бөлімі әр түрлі мағына түзеді.</li> <li>9. Интернет дискурста әсер ету жылдамдығы тез. Қағаз тасымалдағыш газет дискурсында әсер ету мүмкіндік уақыты ұзақ.</li> <li>10. Интернет дискурс аумағы кең көлемді қамтиды. Қағаз тасымалдағыш газет дискурсы аумағы шектеулі. Белгілі бір аумаққа байланысты таратылымдары болады.</li> <li>11. Газет беттерінде айтылуға тыйым салынған маңызды жаңалықтарды интернет дискурстан оқып, білуге болады. Себебі, газет сынды ақпарат көздерінде көп нәрсе айтылмай тыста қалады. Ал интернет бетінде мұндай тыйымдар жиі салына бермейді.</li> <li>12. Қатаң бақылаудың болмауы бейресми әрі жалған ақпараттардың күн сайын артуына алып келеді. Сондай ақпарат таратушылар жалған ақпаратқа сеніп қалатын адамдардың да көп екенін біледі.</li> <li>13. Көз жанарыңызға артық зиянын тигізбейді. Газет қарапайым қағаздан дайындалатындықтан денсаулыққа еш әсер етпейді.</li> <li>14. Ақпарат алудың тиімді әрі оңай жолы. Енді ғаламтордың арқасында семинарларға дайындалу, рефераттар жазу оңайға соғады. Өйткені, ғаламторда миллиард кітапқа сиятын ақпараттар оңай табыла кетеді.</li> </ol>
--	---

Біздің жұмысымызда зерттеліп отырған 2012-2023жж. кезеңдері бойынша қазақ тіліндегі газет дискурсында мынандай қарама-қарсылықтар қалыптасады. Мысалы: «өзім – өзге», «ұлттық – басқа ұлттық», «нағыз қазақтар – орыстілді қазақтар», «қалалықтар – ауыл тұрғындары», «кәсіпкерлер – үкімет, салық органдары», «әділдік– әділетсіздік», «билік– халық».

Осыған сәйкес мағыналық қарама-қарсылықтардың мысалдарын қарастырып көрелік: Электронды «Ана тілі» газетінен, 2.02.23. Сұхбаттар бөлімі.

1. Абзал ҚҰСПАН, заңгер: ӘР ІСКЕ ӘДІЛ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒА КЕРЕК «Бір жыл өтті дегенімізбен, қаңтардың жарасы жүректерде әлі де жазылып бітпеді...» [10].

Бұл мысалда Абзал Құспан қаңтар оқиғаларын Желтоқсан оқиғаларымен салыстырады. Қаңтар келгенде әр қазақтың «Неге?» сауалын қоятындығын айтады. Бұл сауалдың жауабы әлі берілмей отыр деп есептейді автор. Сонымен қатар, еліміздің тарихи мәселелерін салыстыра отыра тәуелсіз ел үшін бұл қаншалықты маңызды екендігін семантикалық қарама-қарсылықтарды қолдана отырып баяндаған. Қаңтар оқиғасын саяси және құқықтық тұрғыдан жеткілікті түрде бағалау керек екендігін айтып, қорытындылайды.

Бұл мысалдардан көретініміз, тіпті мақала тақырыбының өзі бізге *Әділдік – әділетсіздік* қарама-қарсылығы тақырыбында сөз қозғалатынын байқатып тұр. Тағы да мағыналық белгілері, әлі де толық әділ шешімдер сот тарапынан шықпай жатқанын көрсету үшін: *Қаңтар мен Желтоқсан* айларын тілге тиек етеді. Әйтсе де мұнда оппозицияның бір бөлігі ашық көрсетілсе екінші біреуі жабық түрде, яғни имплицитті түрде беріліп тұр.

2. Ақшаны емес, арды ойлаған әнші.

abai.kz- 24.11.2022ж, «Қазақ» халықаралық интернет-газеті.

Бұл жазылымда автор Тоқтар есімді халық әншісінің жанашырлығы мен еліне тигізген көмегін айтып өткен. Аяқ астынан «жұлдыз» атана қойған әншілер мен Тоқтарды салыстырып, автор жұрттың қайғысына ортақтаса білу қажеттілігін баса айтады. Жазылымның бірінші бөлігі қуанышқа, мақтанышқа толы.

Екіншіден, автор Архимед Мұқанбетов есімді азаматтың екі миллиондық жалақысынан зардап шеккендерге «екі жүз теңгені де» бөліп бермегендігін айтады. Бұл жерде «аузынан ақ май ағып жүрген» эпитеті қолданылады. Екі азаматты салыстыра отырып, автор ақша мен ар дихотомиясын келтіреді. Жанашырлық байлық немесе билікке байланысты болмайды, деп қорытындылайды автор.

**Пікірлер:** Бұл жерде айта кетсек жазылу емлесінен, пунктуация т.б. қателіктер кездеседі, жоғарыда атап өткендей, интернет жүйесіндегі басылымдарда қателіктер көбінесе пікір алмасуда, қарапайым халық арасындағы сұхбатта кездесіп отырады. Мәтінде түп нұсқа беріледі.

*Қошқарбек 2022-11-29 09:22:58*

-Ызыңдаған маса сияқты. Қо(л)разбайдың шәкірті харланады да жүреді.

**Әшөк 2022-11-25 12:53:35**

-Тоқтар мен Бейбіттің бұл сауапты ісін жалғастыратындар мүмкін ба(к)р шығар?!

**Ерен 2022-11-27 13:38:49**

-Тоқтар мен Бейбітке барлық жақсылықты тілеймін!

Бұл мысалдардан көріп тұрғанымыздай **Ақша мен арды** бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы билік өкілдерін қарапайым халықтың мәселелеріне бет бұрып қарауға және халықты адамгершілікке шақырады, яғни бұл жерде **Билік\_халық** қарама-қарсылығын байқауға болады. Билікке байланысты: **ішкені алдында ішпегені артында, аузынан күнде ақ май ағып, қалталы азаматтар** деген фразеологизм жолдарын қолдану арқылы оқырманға билік өкілі туралы айтып отырғанын танытады.

Ал соның астындағы пікірлерге қарайтын болсақ, жоғарыда атап өткеніміздей интернет-газет дискурсында цензураның аз болуына дәлел ретінде көруге болады және сөздерде қателер кездесе береді.

**Мысалы:** *БІзыңдаған маса сияқты. Қлразбайдың шәкірті харланады да жүреді.*

### **3. Қалалықтар – ауыл тұрғындары, ескі қазақ – жаңа қазақ қарама-қарсылықтарын кездестіруге болады.**

*«Дамудың табиғи моделі – агроөндірістік бағыт!» [11] 21.01.2022ж., «Қазақ» халықаралық интернет-газеті.*

Бұл мысалда агроөндірістік, табиғи модель мен жиырмасыншы ғасырдың басында күштеп енгізілген отырықшылық модель арасындағы айырмашылықтар қарастырылған. Еліктеу болмаса қиялдан туған даму модельдерін автор жасанды деп атайды. Автордың ойынша, даму модельдерін жасап шығару барысында ұлттық ерекшеліктерді ескеру қажет. Қазақ даму моделінің ауыл шаруашылығына байланысты екендігін, мұның тарихи маңызын атап өтеді. Қазақ ауылын автор **материалды өмірдің діңгегі** деп атайды. Автор 1929 жылғы күштеп енгізілген реформаларға, олардың нәтижесіне қысқа шолу жасайды. Аштық туралы да айтып кетеді. Реформалардың әсерінен ауыл шаруашылығының дамымай, тұрып қалғандығын да көрсеткісі келгендігін байқаймыз.

Бұл жерде көріп тұрғанымыздай бұрынғы тарихтағы қазақ халқының дамуы мен өмір сүру діңгегі ауыл шаруашылығы болғанын тілге тиек ете отырып **ескі қазақ – жаңа қазақ мағыналық қарама-қарсылығын** байқауға болады. Бұрынғы өмірдегі қазақтың өмірін **табиғи модель** сөз тіркесі арқылы, ал қазіргіні- **отырықшылық модель** деп алып көрсетіп отыр.

**Пікірлер:**

**Шаншар 2022-01-23 16:42:18**

*Зерттеуші Асан мырза. Дамудың табиғи моделі – агроөндірістік бағыт деп біраз шатып бұтыпсың. Қазір ауылда өндіріс қалды ма? Қалса да ол олигархтардың жекеменшігіндегі ірі қарамал бордақылайтын кешендер мен соятын және сауатын, құс өсіретін арнайы кешендер. "Ауыл гидроинфрақұрылымын дамыту, өндірісі мамандарын сапалы даярлау жайылымдарды халыққа қайтару, малышы адамдардың мәртебесін көтеру*

керек" – депсің. Бүгінгі таңда малышының көпшілігі байлардың жалшылары екенін білмегенің бе?

**Оқырман 2022-01-22 20:50:41**

Автор мәселені дұрыс көтерген. Тағы бір қауіп, ол ұлтты сақтау. Ұлттың өсуі үшін отбасында төрт бала болу керек. Қалада көбіне екі бала ғана. Европаның елдеріндегі қазақ ұлты да кезінде азаю жолына түсіп, түбінде құрып кетуі мүмкін.

Бұл жердегі пікірден де интернет-газет дискурсының цензураға көп бағынбай, оқырман әлеуеті шексіз екеніне тағы да көзіміз жетіп отыр. Мысалы: Дамудың табиғи моделі – агрөндірістік бағыт деп **шатып бұтыпсың. Қағаз тасымалдағыш газет** дискурсынан айырмашылығы оқырмандар өз ойларын бұкпесіз баяндап жаза алады.

### **Қорытынды**

Барлық материалдарды сараптай келе, жұмысымыздағы қағаз тасымалдағыш газет пен интернет-газет дискурстарында жоғарыдағы кестеде көрсеткендей, 13 ұқсастықтар мен 14 айырмашылықтар бар екенін анықтап отырмыз.

Сонымен қатар, жұмысымыздың басты мақсаты семантикалық қарама-қарсылықтардың интернет-газет дискурсындағы ерекшеліктерін анықтау болғандықтан, семантикалық қарама-қарсылықтар сөйлеу тактикасына, белгілі бір жағдаяттан, мәдениеттен туындайтын ситуациялар аумағында жинақталып беріледі деп айтқан едік. Оларды бірнеше сөйлем немесе мәтін көлемінде қарастыру арқылы айқындай аламыз. Соның нәтижесінде қолда бар материалдарымызға анализ жасау барысында *билік – халық, өзім – өзге, әділдік – әділетсіздік, ескі қазақ – жаңа қазақ, ауыл халқы – қала халқы* семантикалық қарама-қарсылықтары мәтін деңгейінде және бір жерге шоғырланған сөйлемдер маңайында жинақталғанына көзімізді жеткіздік. Семантикалық қарама-қарсылықтарды қолдану тәсілі – журналистің мақала жазуда таптырмас құралдарының бірі. Себебі жоғарыда атап өткендей, оқырманның ойына, көзқарасына тікелей емес, жанама түрде, біртіндеп әсер ету құралы кеңінен қолданыс табу керек.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Егорова С.А. Спортивный газетно-публицистический дискурс: коммуникативные стратегии и тактики: дисс. ...канд. фил.наук. – Ставрополь, 2021. – 184 б.

[2] Грушевская Т. М., Самарская Т. Б. Политический газетный дискурс сквозь призму языковых средств представления информации // Сфера услуг: инновации и качество. – 2011. – №. 2. – Б. 16-23.

[3] Ревзина О. Г. Когнитивная организация газетного дискурса // Вестник Московского университета. Серия 10. Журналистика. – 2006. – №. 2. – Б. 42-49.

[4] Бобровская Г. В. Газетный дискурс в проблемном поле коммуникативно-прагматической лингвистики // Грани познания. – 2011. – №. 4. – Б. 1-4.

[5] Richardson J. E. Analysing newspapers: An approach from critical discourse analysis. – Bloomsbury Publishing, 2017. – 204 p.

[6] Hardman D. Political ideologies and identity in British newspaper discourse: PhD thesis. – University of Nottingham, 2008. – 281 p.



[7] Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы (қазақ тілінде шығарылатын газет материалдары бойынша): фил. ғыл. канд. ... диссертациясы. – Алматы, 2000. – 210 б.

[8] Райымбекова Б.Ж. Газетный текст на русском и казахском языках: фил. ғыл. канд. ... диссертациясы. – Алматы, 1999. – 211 б.

[9] Сейдикенова А.С. «Өзім-өзге» концептілерінің лингвомәдениеттегі орны /монография. – Алматы, 2023. – 196 б.

[10] Абзал Құспан: Әр іске әділ құқықтық баға керек. Электронды ресурс. – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61476> (қарастыру уақыты 20.04.2023)

[11] Омаров А. Дамудың табиғи моделі – агроөндірістік модель! Электронды ресурс. –URL <https://abai.kz/post/146004> (қарастыру уақыты 20.04.2023)

[12] Журавлева Е.А. Тенденции развития современной медиаречи и их отражение в казахстанских сетевых изданиях // Вестник КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия «Филологические науки». – 2022. № 4 (67). – С. 52-69.

[13] Ringel Sharon. Studying absence: the ephemerality of digital news contexts // Digital Journalism, 2024. – URL: DOI: 10.1080/21670811.2023.2296555

## REFERENCES

[1] Yegorova S.A. Sportivny gazetno-publicisticheskiy diskurs: kommunikativniye strategii y taktiki (Sports newspaper-publicist discourse: communicative strategies and tactics): diss. ... cand. phil.sciences. – Stavropol, 2021. – 184 s. [in Rus.]

[2] Grushevskaya T. M., Samarskaya T. B. Politicheskiy gazetnyy diskurs skvoz' prizmu yazykovykh sredstv predstavleniya informatsii (Political newspaper discourse through the prism of linguistic means of information presentation) // Sfera uslug: innovatsii i kachestvo. – 2011. – №. 2. – S. 16-23. [in Rus.]

[3] Revzina O. G. Kognitivnaya organizatsiya gazetnogo diskursa (Cognitive organization of the newspaper discourse) // Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriya 10. Zhurnalistika. – 2006. – №. 2. – S. 42-49. [in Rus.]

[4] Bobrovskaya G. V. Gazetnyy diskurs v problemnom pole kommunikativno-pragmaticheskoy lingvistiki (Newspaper discourse in the problematic field of communicative-pragmatic linguistics) // Grani poznaniya. – 2011. – №. 4. – S. 1-4. [in Rus.]

[5] Richardson J. E. Analysing newspapers: An approach from critical discourse analysis. – Bloomsbury Publishing, 2017. – 204 p.

[6] Hardman D. Political ideologies and identity in British newspaper discourse: PhD thesis. – University of Nottingham, 2008. – 281 p.

[7] Zhaksybayeva F.Z. Gazet matininin pragmatikalyk funkciyasi (kazak tilinde zhygarylatyn gazet materialdary boyinsha) (The pragmatic function of the newspaper text (on the material of Kazakh newspapers)): diss. cand. phil. sciences. – Almaty, 2000. – 210 b. [in Kaz.]

[8] Rayimbekova B.Zh. Gazetnyy text na russkom i kazakhskom yazykah (Newspaper text in Russian and Kazakh languages): diss. cand. phil. sciences. – Almaty, 1999. – 211 s. [in Rus.]

[9] Seidekona A.S. “Ozim-ozge” konceptilerinin lingvomadeniettegi orny (The place of the concepts “Self-alien” in the linguoculture) /monography. – Almaty, 2023. – 196 b. [in Kaz.]

[10] Abzal Kuspan. Ar iske adil kukuktyk бага керек (Every issue needs justified legal assessment). Electronic source. – URL <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61476> (date of appeal 20.04.2023) [in Kaz.]

[11] Omarov A. Damudyn tabigi modeli – agroondiristik model! (The natural model of development is the agricultural model). Electronic source. – URL <https://abai.kz/post/146004> (accessed 20.04.2023) [in Kaz.]

[12] Zhuravleva E.A. Tendencii razvitija sovremennoj mediarechi i ih otrazhenie v kazahstanskih setevykh izdanijah (Trends of the development of contemporary media speech and their reflection in Kazakhstani digital publications) // Bulletin of Ablai Khan KazUIRWL. “Philological sciences” series. – 2022. – № 4 (67). – S. 52-69. [in Rus.]

## ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРНЕТ-ГАЗЕТНОГО ДИСКУРСА И НЕКОТОРЫЕ СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОППОЗИЦИИ В НЕМ

\*Мамырбаева М.З.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, факультет Филологии, Институт Языкознания  
имени А.Байтурсынулы, Алматы, Казахстан  
e-mail: [mamyrbayeva-madi@mail.ru](mailto:mamyrbayeva-madi@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности интернет-газетного дискурса, выявляется отличие интернет-газет от прессы на бумажном носителе и рассматриваются некоторые семантические оппозиции в интернет-газетном дискурсе. Выясняется, что Интернет-газета, то есть газета на электронном носителе, отличается от газетного дискурса на бумажном носителе. С целью изучения этих противоположных категорий, проводится исследование основных различий между интернет- и бумажными газетами. Таким образом, целью данной статьи является выявление особенностей интернет-газетного дискурса. Выявлены следующие результаты:

- Между дискурсом интернет-газеты и дискурсом бумажной газеты имеется ряд сходств: нацеленность на определенную аудиторию, наличие определенной дистанции между адресатом и адресантом, подчинение правилам, наличие функции оценки, наличие информационной безопасности и т. д.

- Между двумя рассматриваемыми дискурсами существует ряд отличий: нераспространенность цензуры в интернет-газетном дискурсе, разная дистанция между адресатом и адресантом, разница в масштабах и скорости воздействия, экспрессивная функция в двух дискурсах проявляется по-разному и т. д.

- Смысловые контрасты, часто встречающиеся в дискурсе интернет-газет, являются средством неявного воздействия на читателя.

Следующие методы были использованы при проведении исследования: сравнительный метод, позволивший определить различия между газетами на электронном и бумажном носителе; методы семантического и прагматического анализа при исследовании смысловых противопоставлений в интернет-газетном дискурсе.

Научная новизна данного исследования заключается в том, что данная тема не рассматривалась в достаточном объеме во временном интервале с 2012 до 2022гг, а также не были всесторонне изучены семантические противопоставления в языке СМИ.

В результате анализа семантические оппозиции в интернет-газетном дискурсе сводятся к тактике речи в ситуациях, возникающих в определенных культурных ситуациях. Теоретическая значимость исследования заключается в изучении интернет-газетного дискурса в рамках новых направлений, а практическая значимость заключается в том, что полученные результаты могут быть использованы в курсе преподавания вузовских предметов, таких как лингвистика, стилистика, лексикология.

**Ключевые слова:** интернет-газетный дискурс, семантическая оппозиция, газета на бумажном носителе, газета на электронном носителе, категория оппозиции, дискурс, электронный дискурс, пресса

## FEATURES OF ONLINE NEWSPAPER DISCOURSE AND SOME SEMANTIC OPPOSITIONS IN IT

\*Mamyrbayeva M.Z.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>doctoral student, A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [mamyrbayeva-madi@mail.ru](mailto:mamyrbayeva-madi@mail.ru)

**Abstract.** The article examines the features of newspaper discourse on the internet, identifies its differences from print newspapers, and explores some semantic oppositions in online newspaper discourse. Examples taken from internet newspaper discourse are considered. To study the semantic oppositions in online newspaper discourse, a preliminary small-scale study was conducted to understand how online newspapers differ from print newspapers. Accordingly, the aim of our work is to determine the characteristics of online newspaper discourse. The following results were identified in accordance with the research objectives:

- There are a number of similarities between online newspaper discourse and print newspaper discourse: targeting a specific audience, maintaining a certain distance between the addressee and the addresser, adherence to rules, the presence of an evaluative function, and ensuring information security, among others.

- There are also a number of differences between the two discourses being examined: the prevalence of censorship in print newspapers versus its rarity in online newspaper discourse, the varying distances between the addressee and the addresser, differences in the scope and speed of impact, and the distinct manifestation of the expressive function in each discourse, among others.

- Semantic oppositions that are frequently encountered in online newspaper discourse serve as a tool for implicit influence on the reader.

To distinguish between print newspaper discourse and online newspaper discourse, comparative analysis methods, semantic analysis, and pragmatic analysis methods were used when examining semantic oppositions.

The scientific novelty of our research lies in the fact that this topic is considered within the time frame of 2012-2022, and semantic oppositions in the language of mass media have not been thoroughly studied. The analysis revealed that semantic oppositions in online newspaper discourse are presented within the scope of speech tactics, certain situations arising from cultural contexts, and specific circumstances. The theoretical significance of the study is the examination of online newspaper discourse within new frameworks, while the practical significance is that the results obtained can be used in the teaching of university subjects such as linguistics, stylistics, and lexicology.

**Keywords:** online newspaper discourse, semantic opposition, paper newspaper, electronic newspaper, category of opposition, discourse, electronic discourse, periodicals

*Статья поступила 24.05.2023*